

ROCES[®]

Пайдаланушы нұсқаулығы



ROCES[®]

Пайдаланушы нұсқаулығы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бұл нұсқаулықты Rocess
велосипедін қолдану алдында оқып
шығыңыз



Мазмұны:

1-тарау. Жылдам старт

- 1.1 Сіздің велосипедіңіз 5
- 1.2 Велосипед құрылымы 6
- 1.3 Велосипедке дұрыс отыру 7
 - 1.3.1 Отырғышты биіктігі бойынша реттеу 7
 - 1.3.2 Отырғыштың бойлық ығысуын реттеу 8
 - 1.3.3 Отырғыштың еңіс бұрышын реттеу 8
 - 1.3.4 Руль қалпын реттеу 8
 - 1.3.5 Тежегіш тұтқалар мен манеткалар (шифтерлер) қалпын реттеу 8
- 1.4 Әр сапарға шығу алдында 8
- 1.5 Жолға не алып шығу керек? 10
- 1.6 Егер бірдеңе дұрыс болмаса 10

2-тарау. Қауіпсіздік

- 2.1 Негізгі ережелер 11
- 2.2 Қоғамдық жолдардағы қауіпсіздік 12
- 2.3 Жолсыз жерде велосипед тебу ерекшеліктері 12
- 2.4 Қараңғы уақытта велосипед тебу 13
- 2.5 Балалар қауіпсіздігі 13

3-тарау. Практикалық бөлім

- 3.1 Дөңгелектерді шешу және орнату 14
 - 3.1.1 Эксцентрлі қысқыштары бар дөңгелектерді шешу және орнату 14
 - 3.1.2 Артқы дөңгелекті алу/салу: 15
- 3.2 Дөңгелекқаптар мен камералар 15
 - 3.2.1 Дөңгелекқаптардағы ақпарат 16
 - 3.2.2 Дөңгелекқаптарды пайдалану 16
 - 3.2.3 Резеңкені алу/салу 17
 - 3.2.4 Велосипед камераларының клапандары 17
- 3.3 Тежегіштерді реттеу және пайдалану 18
 - 3.3.1 Тежегіштерді реттеу 19
 - 3.3.2 Тежегіштерді пайдалану 21
- 3.4 Трансмиссия және берілісті ауыстыру жүйесі 22
 - 3.4.1 Ауыстыру қалай жүзеге асады? 22
 - 3.4.2 Берілісті ауыстыру жүйесін реттеу 23
 - 3.4.3 Шынжыр керілісін реттеу және ауыстыру 25

- 3.5 Рульді реттеу 27
 - 3.5.1 Rocas Uragano 24, Stella 24 велосипед рулінің биіктігін реттеу 27
- 3.6 Велосипед аспасы 29
 - 3.6.1 Амортизациялық ашалар және оларды теңшеу 29
- 3.7 Жиынтықтауыштарды жөндеу және ауыстыру 31
 - 3.7.1 Велосипедті жөндеу 31
 - 3.7.2 Велосипед құрамбөліктерін ауыстыру 32

4-тарау. Аксессуарлар мен киімжарақ

5-тарау. Велосипедке

техникалық қызмет көрсету

- 5.1 Техникалық қызмет көрсету интервалы 34
 - 5.1.1 Сынау кезеңі 34
 - 5.1.2 Әр сапарға шығу алдында 34
 - 5.1.3 Ұзақ немесе ауыр сапардан кейін 34
 - 5.1.4 Әр 20 сағат жүрістен кейін 34
 - 5.1.5 Әр 25 (жолсыз жерде) — 50 (тас жолда) сағат жүрістен кейін 35
 - 5.2 Велосипедті сақтау бойынша ұсынымдар 36
 - 5.2.1 Пайдалы сақтау кеңестері 36
 - 5.2.2 Жабдықты кәдеге жарату. 36
- ### 6-тарау. Техникалық деректер
- ### 7-тарау. Кепілдік міндеттемелері
- 7.1 Кепілдік мерзімі 41
 - 7.2 Кепілді қолдау көрсету шарттары мен шектеулері 41
 - 7.3 Қосымша ақпарат 42
 - 7.4 2019 жылдың 1 қаңтарынан кейін сатып алынған велосипедтерге «ғұмырлық» кепілдік беру туралы ақпарат. 43
 - 7.5 Велосипедті пайдалану бойынша ұсынымдар 44

ROCES велосипедінің пайдаланушы нұсқаулығы

ROCES брендин таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз! Велосипед — көңіл көтеру мен демалуға арналған тамаша көлік құралы. Сізге ROCES велосипеді пайдалы болып, оны рақаттана тебесіз деп үміттенеміз. Дегенмен, велосипедті қолдану алдында осы пайдаланушы нұсқаулығын оқып шығуға қатаң түрде кеңес береміз.

Бұл нұсқаулықты неге оқу керек?

Бұл ROCES велосипедінің пайдаланушы нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) жаңа велосипедті барынша жайлы және қауіпсіз тебуге көмектеседі. Бұл нұсқаулықта велосипедті қауіпсіз пайдалану, техникалық мүмкіндіктері және қызмет көрсету әдістері туралы маңызды ақпарат қамтылған. Велосипедті алғаш рет мінбес бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз және қажет болған жағдайда анықтама ретінде пайдалану үшін оны сақтап қойыңыз. Өз велосипедіңіздің ерекшеліктері мен функциялары жайлы ақпарат алып, олармен танысып шығуыңыз өте маңызды. Сонда сіз велосипедке алғаш мінгеннен-ақ оның барлық мүмкіндіктерін жүз пайыз қолдану арқылы керемет әсерге бөленесіз!

МАҢЫЗДЫ:

Бұл Нұсқаулық — велосипедті пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысты барлық мәселелерді қамтитын құжат емес. Осы жайтты ескере отырып, аталмыш Нұсқаулықта көрсетілмеген кез келген жағдайда кәсіби велосипед жөндеушісінен немесе велосипедті сатып алған дүкеннен білікті техникалық көмек сұраңыз.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Оған қоса, велосипед тебу кезінде орын алуы ықтимал барлық мәселелерді ■ болжау мүмкін болмағандықтан, бұл Нұсқаулық кез келген жағдайда қауіпсіз жүруге арналған нұсқаулық деп саналмайды. Толық алдын алу мүмкін емес қандай да бір қауіп әрқашан болатынын естен шығармаңыз. Осы себепті велосипедші аталмыш тәуекелдер бойынша толық жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс.

Пайдалану алдында

Велосипедті кәсіби велосипед жөндеушісі толық жиынтықтап, теңшегеніне көз жеткізіңіз. Велосипед тораптарын бастапқы теңшеу сатушының міндеті екенін ұмытпаңыз! Велосипедтің бойыңызға сай екенін, барлық бөлшектері дұрыс бекітілгенін және механизмдердің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. Қажет болса, кеңес алу үшін сатушыға хабарласыңыз.

Нұсқаулықта қауіпсіз пайдалану тұрғысынан маңызды жағдайларды көрсететін пиктограммалар берілген. Пиктограмма деректері төменде көрсетілген. Осы Нұсқаулықпен танысу кезінде оларға ерекше назар аударып, мұқият оқып шығыңыз.

 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!	«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!» деген жазуы бар ескерту белгісі түріндегі пиктограмма егер алдын алмаса, ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдай туралы ескертеді.
	Ескерту белгісі түріндегі пиктограмма егер алдын алмаса, велосипед тораптары немесе киімжарақ зақымына, сондай-ақ жеңіл жарақатқа әкелуі мүмкін жағдай туралы ескертеді.
МАҢЫЗДЫ:	Қалың қаріппен жазылған «Маңызды» сөзі оқып, елемеген жағдайда велосипед кепілдігінің жойылуына әкеп соғатын мәтінді білдіреді.

Глава 1. Жылдам старт

1.1 Сіздің велосипедіңіз

Roses велосипедтер желісіне ересектер мен жасөспірімдерге (балаларға) арналған велосипедтер кіреді. Велосипед типіне қарамастан барлығына ортақ бір ереже бар:

МАҢЫЗДЫ: Велосипед тек бір адамның салмағын (!) және жүксалғышта келісілген жүк көлемін тасымалдауға арналған (яғни жүксалғышқа жолаушыларды отырғызуға болмайды!). Велосипедтің толық жүк көтергіштігі¹ алдын ала анықталған. Одан көп жүк арту ұсынылмайды. Егер максималды толық жүк көтергіштігінен асып кету фактісі анықталса, өндіруші велосипедке қатысты кепілдік міндеттемелерінен бас тартады.

Тау велосипедтері — кез келген жол жағдайында жүруге арналған ең әмбебап велосипедтер. Тау велосипедтері көп жылдамдықты трансмиссиямен және айқын өрнекті жалпақ әмбебап дөңгелекқаптармен жабдықталған. Бұл велосипедтерді кез келген жабыны бар жолда және жолсыз жерде тебуге болады.

Тау велосипедтеріне қойылатын шектеу: ешқандай модельде секіруге болмайды.

Жасөспірімдер (балалар) велосипедтері 2 жастан 12–13 жасқа дейінгі балаларға арналған. Ең кішкентай балалар велосипедтерінің кейбір модельдерінде педаль жетегі болмайды және олар тепе-теңдікті сақтау дағдыларын дамытуға арналған.


Жасөспірімдер (балалар) велосипедтеріне қойылатын шектеу: қатты төсемді жолдар, секіруге болмайды.

Жоғарыда келтірілген ұсынымдар тек жалпы сипатта берілген және олар кез келген жағдайда велосипед тебу ерекшеліктерін қарастырмайды. Дегенмен, сізге осы ұсынымдарды орындауға, әсіресе секіруге арналмаған велосипедтермен секірмеуге қатаң түрде кеңес береміз. Егер олай болмаса, велосипед құрамбөліктері зақымдалуы және/немесе басқару мүмкіндігін жоғалту нәтижесінде құлап, жарақат алуыңыз мүмкін.

¹ Велосипедтің толық жүк көтергіштігі стр. 37 – стр. 40. беттердегі техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген. Осыған қоса, төменде көрсетілген пайдалану шарттарына бөлек талаптар бар. Велосипедті әрі қарай мақсатына сай қолдану үшін осы классификациямен танысуыңызды сұраймыз.

1.2 Велосипед құрылымы

Бұл бөлімде велосипедке техникалық қызмет көрсету және оны теңшеу бойынша кеңестерді жақсы түсіну үшін велосипедтің негізгі бөлшектерінің атауларымен және олардың орналасқан орнымен танысып шығуды ұсынамыз. Құрамбөліктің балама атауы (егер бар болса) не қажетті түсініктеме жақша ішінде берілген.



- | | |
|--------------------------------|---|
| 1. Қаңқаның үстіңгі құбыры | 17. Артқы ауыстырып қосқыш |
| 2. Қаңқаның астыңғы құбыры | 18. Күймеше |
| 3. Қаңқаның отырғышасты құбыры | 19. Бұлғақтар |
| 4. Артқы үстіңгі қалақшалар | 20. Педальдар |
| 5. Артқы астыңғы қалақша | 21. Жетекші жұлдыздар (бұлғақтармен бірге — бұлғақтар жүйесі) |
| 6. Манеткалар (шифтерлер) | 22. Шынжыр |
| 7. Руль тұтқалары (грипстер) | 23. Кассета (немесе шытырлауық) |
| 8. Тежегіш тұтқалары | 24. Артқы тежегіш |
| 9. Руль | 25. Артқы төлке |
| 10. Руль шығарымы | 26. Шабақтар |
| 11. Руль бағаны | 27. Құрсаулар |
| 12. Руль (маңдайлық) құбыры | 28. Камералы дөңгелекқаптар |
| 13. Аша | 29. Отырғыш |
| 14. Алдыңғы тежегіш | 30. Отырғышасты істік |
| 15. Алдыңғы төлке | 31. Отырғыш асты істік қысқышы |
| 16. Алдыңғы ауыстырып қосқыш | |

1.3 Велосипедке дұрыс отыру

Велосипедтің өлшемі бойыңызға сай екеніне тағы бір рет көз жеткізіңіз. Тым үлкен немесе тым кішкентай велосипедті басқару қиын және ыңғайсыз болуы мүмкін. Қажет болса, сатушымен кеңесіңіз.

Велосипедті өлшемі бойынша таңдап, оны дұрыс теңшеу
■ максималды қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жайлы әрі ыңғайлы басқару үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады. Барлық қажетті теңшелімдерді дұрыс жасау үшін тиісті тәжірибе, арнайы дағдылар мен құрал-саймандар қажет. Дүкен сатушылары мен механиктерінен көмек сұраңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Егер велосипед дұрыс теңшелген ■ немесе бойыңызға сай болмаса, сіз велосипедті басқара алмай, құлап қалуыңыз мүмкін.

Велосипедті барынша жайлы және ыңғайлы басқару үшін отырғышты дұрыс теңшеу өте маңызды. Сатушы өз тәжірибесі негізінде отырғышты көпшілікке ыңғайлы қалыпта орнатады. Дегенмен, велосипедті сатып алу кезінде сатушыдан отырғышты сізге ыңғайлы етіп реттеп беруді сұраңыз. Кейіннен, қажет болса, оны қайта теңшеуге болады.

1.3.1 Отырғышты биіктігі бойынша реттеу

Негізінен отырғыш биіктігі аяғыңыздың ұзындығына қарай орнатылады. Егер велосипед бұлғақтарын қаңқаның отырғышасты құбырына параллельді қалыпта қойып отырғанда, «төменгі» педальға толық созылған аяқ өкшесі ғана тиетін болса, отырғыш биіктігі дұрыс орнатылған деп санауға болады. Отырғыш алдындағы қаңқаның көлденең бөлігі жерде тұрған велосипед аяқтарының арасына еркін орналасуы қажет. Отырғыш биіктігін тексеру үшін:


- отырғышқа отырыңыз;
- бір өкшеңізді педальға қойыңыз;
- педаль төменгі қалыпта, ал бұлғақтар қаңқаның отырғышасты құбырына параллель болғанша бұлғақты айналдырыңыз.

Егер аяғыңыз толық созылмаса немесе керісінше, толық созылып, өкшеңіз педальға жетпесе, отырғыш биіктігін

өзгерту қажет. Отырғыш биіктігін реттеу үшін отырғышасты істікті қаңқаға бекітетін бұранды немесе эксцентрлі қысқышты босатып (отырғыштың эксцентрлі қысқышымен және дөңгелек төлке-лерінің эксцентрлі қысқыштарымен жұмыс істеу тәртібі бірдей — стр. 14-бетті қараңыз), оны жоғары немесе төмен қарай жылжытыңыз. Қаңқадағы отырғышасты істікті қолмен айналдыра алмайтындай етіп бұранды немесе эксцентрлі қысқышты тартып бұраңыз. Жоғарыда сипатталғандай теңшелімді тексеріңіз. Ешқандай жағдайда отырғышасты істікті «Minimum Insertion», «Maximum Extension» не сол сияқты белгіден артық шығаруға болмайды (3.1-сур. қараңыз).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Отырғышасты істіктер «Minimum Insertion» немесе «Maximum Extension» не ұқсас белгіден асып кетсе, ол майысуы, сынуы немесе қаңқаны зақымдауы мүмкін. Бұл велосипедті басқару мүмкіндігін жоғалтуға, құлауға және жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

3.1-сур.: Отырғышасты істікті минималды түсіру белгісі



3.2-сур.: Велосипед отырғышының қалпын реттеу

1.3.2 Отырғыштың бойлық ығысуын реттеу

Велосипедке барынша ыңғайлы жайғасу үшін отырғыштың бойлық ығысуын, яғни «алға/артқа» жылжуын реттеуге болады (3.2-сур. қараңыз). Сатушыдан отырғышты сіз үшін барынша ыңғайлы етіп орнатуды және келешекте осындай әрекетті қалай орындау керектігін көрсетуді сұраңыз.

1.3.3 Отырғыштың еңіс бұрышын реттеу

Көпшілік велосипедшілер отырғышты жерге көлденең етіп орнатады, алайда кейбіреулер отырғыш тұмсығын сәл түсіріп немесе көтеріп қояды жөн көреді (3.2-сур. қараңыз). Отырғыштың әртүрлі бекіту механизмдерінде еңіс бұрыш әрқалай реттеледі. Сатушы отырғыштың еңіс бұрышын реттеп, сізге оны қалай жасау керектігін үйрете алады.

! Отырғыш қалпын сәл өзгертудің өзі жүріс сапасы мен жайлылығына **■** үлкен әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты реттеу кезінде барынша жайлы қалыпқа жеткенше отырғышты бір уақытта тек бір бағытта біртіндеп өзгертіңіз. Бекіту механизмін мықтап бекітуді ұмытпаңыз!

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Отырғыш қалпын әр өзгерткен **■** сайын бекіту механизмін бекітіңіз. Егер отырғышасты істігінің қысқышы қысылмаған болса, осы бөлшектер зақымдалуы және басқару мүмкіндігін жоғалтып, құлауға әкелуі мүмкін. Дұрыс бекітілген бекіту механизмдері отырғыштың кез келген бағытта еркін қозғалуына жол бермейді. Механизмді жиі тексеріп жүріңіз. Велосипедке әр отырған кезде отырғыштың мықтап бекітілгенін тексеріңіз. Егер отырғышты қалай реттесеңіз де ыңғайсыз болса, сізге жай ғана отырғыш моделін ауыстыру қажет болуы мүмкін. Дұрыс отырғышты таңдау үшін сатушымен кеңесіңіз.

1.3.4 Руль қалпын реттеу

Велосипедке орнатылған руль бағанының типіне байланысты (толығырақ білу үшін стр. 26-бетті қараңыз) руль қалпын реттеу мүмкіндіктері әртүрлі болады. Жалпы, сіздің велосипед тебуіңізге ыңғайлы

қалыпты реттеп алу қажет. Велосипед тебу кезінде қолдарыңыз неғұрлым аз талса, соғұрлым рульді дұрыс бұрмай, басқару мүмкіндігін жоғалтып алу ықтималдығы төмен болады. Сіз руль бағанының типіне қарамастан, рульдің шығарымға қатысты бұрыштық қалпын реттей аласыз. Рульді кәріжілік-білезік буыны қатты майыспай, алақандар руль тұтқаларын барынша түзу ұстайтындай етіп орнатыңыз.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жеткіліксіз тартылған руль мен **■** шығарымның бекітпе бұрандалары велосипедті басқаруға кері әсер етуі, бұл өз кезегінде басқару мүмкіндігін жоғалтып, құлап қалуға әкелуі мүмкін. Егер шығарымды алдыңғы дөңгелекке немесе рульді шығарымға қарай бұрай алсаңыз, бұрандаларды қаттырақ тартыңыз. Бірақ қатты күш салып, бұранда мен шығарым бұрамасын зақымдап алмаңыз. Бекітпелерді динамометрлік кілтпен қатайту үшін кәсіби механикке жүгінген жөн.

1.3.5 Тежегіш тұтқалар мен манеткалар (шифтерлер) қалпын реттеу

Тежегіш тұтқалар мен берілісті ауыстыру иінтіректері (манеткалар не шифтерлер) рульге қолдану оңай болатындай етіп орнатылуы тиіс. Оған қоса, кейбір тежегіш тұтқа модельдерінде рульден тұтқаға дейінгі қашықтықты өзгертуге болады. Параметрлерді өзгерту немесе оны қалай жасау керектігін сұрау үшін дүкен сатушысына жүгініңіз.

1.4 Әр сапарға шығу алдында

Әр сапарға шығу алдында велосипед жағдайын тексеруді әдетке айналдырыңыз. Бұл көп уақытты қажет етпейді, бірақ жолда қандай да бір техникалық ақаудың пайда болу мүмкіндігін айтарлықтай азайтады.

Сомындар, бұрандар, бұрандалар, ілгектер: велосипедте ештеңе босап қалмағанына көз жеткізіңіз. Ол үшін велосипедті рулінен ұстап, алдыңғы дөңгелегін жерден 5–10 см көтеріңіз, содан кейін рульді жіберіңіз (дөңгелек жерге тигеннен кейін велосипедті ұстап қалуды ұмытпаңыз!). Егер бірдеңе босап қалған болса,

оны естисіз не сезінесіз. Барлық жиынтықтауыштар мен аксессуарлар мықтап бекітілгенін тексеріңіз. Егер күмәніңіз болса, тәжірибелі адамнан тексеріп көруді сұраңыз.

Дөңгелекқаптар мен дөңгелектер: дөңгелекқап қысымы қажетті деңгейде екенін тексеріңіз (оның мәні дөңгелекқаптың бүйірінде көрсетілген, -беттегі 11стр. 16-сур. қараңыз). Ол үшін сізге басында манометрі бар сорғы қажет болуы мүмкін, бірақ тәжірибе жинай келе, дөңгелекқап қысымын саусақпен қысу арқылы анықтай алатын боласыз. Дөңгелекқаптар зақымдалмағанын тексеріңіз — дөңгелекқабы тесілген немесе кесілген, сондай-ақ протекторына үшкір заттар қадалып қалған велосипедті пайдалануға болмайды. Дөңгелектердің «түзу» екеніне көз жеткізіңіз. Ол үшін велосипедтің тиісті бөлігін жерден көтеру арқылы дөңгелекті айналдырыңыз. Егер құрсау қатты соғылса (бүйірлік не радиалды) және тежегіш қалыптарға тисе, дөңгелекті түзету немесе ауыстыру қажет.

! Құрсау тежегіштері дұрыс жұмыс істеуі үшін дөңгелек құрсаулары «түзу» болуы керек. Дөңгелекті түзулеу — арнайы дағдылар мен құрал-саймандарды қажет ететін күрделі операция.

! Егер қажетті білім мен құрал-жабдығыңыз болмаса, дөңгелекті өзіңіз түзулеуге тырыспаңыз!

Тежегіштер: тежегіштердің жұмыс істеп тұрғанын, зақымдалмағанын, қатты ластанбағанын, дұрыс теңшелгенін және тежеу күші жеткілікті екенін тексеріңіз. Егер олай болмаса, тежегіштерді дұрыс теңшеу қажет (теңшеу туралы толығырақ ақпаратты стр. 18-беттен қараңыз). Егер тежегіштер зақымдалған болса, оларды жөндеу немесе ауыстыру қажет. Тежегіштер тек арнайы велосипед шеберханаларында жөнделуі тиіс!

МАҢЫЗДЫ: Велосипедтің қауіпсіз жұмыс істеуі үшін тежегіш жүйесінің, дөңгелектерді құлыптау механизмдерінің және рульді басқарудың өте маңызды функцияларын ескере отырып, әр жүріс алдында тежегіш суппорттарының, тежегіш дискілердің, тежегіш иінтіректерінің мықты бекітілгенін, тежегіш қалыптарының дұрыс жұмыс істейтінін, дөңгелектердің дұрыс әрі мықты бекітілгенін, аша соташығындағы руль шығарымының және шығарымдағы рульдің сенімді бекітілгенін, барлық бекітпе элементтердің бар болуын және тартылғанын тексеру қажет. Велосипедтің кез келген торапында бекітпе элемент болмаған жағдайда, оны пайдалануға рұқсат етілмейді.

МАҢЫЗДЫ: Велосипедті пайдалану кезінде, әсіресе пайдаланудың бастапқы кезеңінде, барлық механизмдердің тораптары мен бөлшектері үйкеліске ұшырайды, бұл бұрандалы қосылыстардың босап қалуына себеп болуы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ: Велосипедті қауіпсіз пайдалану және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін «Пайдаланушы нұсқаулығын» мұқият оқып шығуыңыз, велосипед құрылғысын білуіңіз және оған техникалық қызмет көрсетуді уақытылы жүргізуіңіз керек.

Эксцентрлі қысқыштар: алдыңғы және артқы дөңгелектердің, сондай-ақ отырғышасты істіктің эксцентрлі қысқыштары мықтап бекітілгенін және «Жабық» күйде екенін тексеріңіз (эксцентрлі қысқыштар және оларды қолдану туралы толығырақ ақпаратты стр. 14-беттен қараңыз).

Руль мен отырғыш: отырғыш пен руль шығарымы велосипедтің бойлық осіне тік бағытта тұрғанына және олардың осы қалыпта мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер олай болмаса, оларды туралап, бекіту керек. Грипстер рульге айналып кетпейтіндей етіп мықтап бекітілгенін, сондай-ақ руль шеттері грипстермен немесе арнайы тығындармен бітелгенін тексеріңіз. Егер рульге арнайы ұзартқыш тұтқалар («мүйіздер») орнатылған болса, олардың сенімді бекітілгенін тексеріңіз.

HAZAP AYDAPPIŶYZ!

Босап қалған немесе зақымдалған ■ грипстер велосипедті басқару мүмкіндігін жоғалтып, құлауға әкелуі мүмкін. Бітелмеген өткір руль шеттері жеңіл құлағанның өзінде ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін.

1.5 Жолға не алып шығу керек?

Тез қайта оралуға болатын үй маңайындағы қысқа сапарлардан басқа барлық жерлерге әрқашан келесі велосипедші жинағын алып шығуды ұсынамыз (оны бірден велосипед рюкзағына салып қойған дұрыс):

- Заманауи велосипедтің көптеген қосылымдарын қатайту үшін қолданылатын алты қырлы кілттер (кем дегенде 4, 5 және 6 мм-лі кілттер жинағы);
- Камерада тесіктерін жамауға арналған велосипед дәріқобдишасы;
- Қосалқы камера;
- Дөңгелекқаптарды шешуге және орнатуға арналған монтаждық жинақ (егер велосипед дәріқобдишасында жоқ болса);
- Велосипед камерасының клапанына шақ келетін ұштығы бар сорғы (стр. 17-бетті қараңыз);
- Жеке куәлік (жазатайым оқиға болған жағдайда);
- Азғана ақша (сусын, шоколад батончигі немесе телефон қоңырауы үшін).


1.6 Егер бірдеңе дұрыс болмаса

Тіпті ең тәжірибелі және сақ велосипедшілердің өзі де кейде жағымсыз жол жағдайына тап болып жатады. Төменде аталмыш жағдайдан барынша жеңіл шығуға қатысты кеңестер берілген.

Камераның тесілуі: камера желін толық шығарып, дөңгелекті велосипедтен алыңыз (стр. 14-бетті қараңыз). Дөңгелекқапты құрсаудың бір жағынан шығарыңыз (стр. 17-бетті қараңыз). Еміктің бекітпе сомынын (егер бар болса) босатып, емікті құрсаудан итеріп шығарыңыз, содан кейін камераны дөңгелекқаптан алыңыз. Дөңгелекқаптың ішкі және сыртқы жағына қадалған зат (шеге, шыны сынығы, сым және т.б.) бар-жоғын тексеріп, оны алып тастаңыз. Содан кейін, велосипед дәріқобдишасын қолданып, тесілген камераны жамаңыз. Егер камера тесігі жамау үшін

тым үлкен болса, жаңа камераны салыңыз. Камераны салмас бұрын, камера пішінін келтіру үшін оған аздап жел беріңіз. Оны құрсау мен дөңгелекқап арасына салып, дөңгелекқапты құрсауға кигізіңіз. Егер дөңгелекқаптың соңғы сантиметрлерін кигізу қиын болса, монтаждық жинақты қолданыңыз. Камераны зақымдап алмау үшін абай болыңыз.


Дөңгелекқап құрсаудың екі шетіне дұрыс киілгенін және камераның құрсау мен дөңгелекқап арасында қысылып қалмағанын тексеріңіз. Камераға жел беріңіз. Егер сорғы манометрмен жабдықталған болса, дөңгелекқаптың дұрыс тұрғанын тексеріп, камераға қажетті деңгейде (дөңгелекқаптың бүйірінде көрсетілген, стр. 16-беттегі 11-сур. қараңыз) қысым беріңіз. Еміктің бекітпе сомынын және оның қақпағын салып, тартып бұраңыз. Дөңгелекті велосипедке орнатыңыз (стр. 14-бетті қараңыз).




4-сур.: Алты қырлы кілттер жинағы



5-сур.: Велосипед дәріқобдишасы



6-сур.: Қосалқы камера



7-сур.: Велосипед сорғысы

Егер шабақ сынып кетсе: шабағы босаған немесе сынған дөңгелек дұрыс тартылған дөңгелекке қарағанда әлсіз болады. Егер шабақ сынып кетсе, жылдамдықты азайтып, межелі жерге абайлап жетіп алу керек, өйткені босап қалған дөңгелектің басқа да шабақтары сынып кетуі мүмкін. Зақымдалған шабақ салбырып, қаңқаға немесе ауыстырып қосқышқа ілініп қалмауы үшін оны басқа шабаққа орап қойыңыз не алып тастаңыз. Дөңгелекті айналдырып көріп, құрсаудың тежегіш қалыптарына тимейтінін тексеріңіз. Егер тиетін болса, құрсау қалыптарға тимеуі үшін керілісті реттеу бұрандасы арқылы тежегіштің жіңішке сымарқанының керілісін босату немесе құрсау тежегішін ашу керек (стр. 20-бетті қараңыз). Егер велосипед тебуді жалғастыратын болсаңыз, тек бір ғана тежегіш жұмыс істеп тұрғанын естен шығармаңыз.

Егер құлап қалсаңыз: алдымен бәрі жақсы екенін тексеріп, жараларыңызды мүмкіндігінше таңып алыңыз. Содан кейін велосипед зақымдалмағанын тексеріп, қолдан келгенше ақауларды түзетіңіз. Үйге келгеннен кейін велосипедті егжей-тегжейлі тексеру үшін білікті велосипед жөндеушісіне апарыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

■ Құлауға және басқа да себепке байланысты зақымдалған велосипедті тебуге тыйым салынады! Бұл қайтадан құлап, одан да ауыр жарақат алуға себеп болуы мүмкін!


Глава 2. Қауіпсіздік

2.1 Негізгі ережелер

Велосипед тепкен кезде әрқашан соңғы сертификаттау стандарттарына сәйкес келетін велосипед дулығын киіп алыңыз, сондай-ақ оны қолдану және күту нұсқаларын орындаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

■ Дулығысыз велосипед тебу ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін!



8-сур.: Велосипед дулығысы

Велосипедті әр мінер алдында оның механикалық күйін тексеріңіз (8-9 беттерін қараңыз).

Велосипедтің негізгі басқару жүйелерімен танысыңыз: тежегіштер (стр. 18-бетті қараңыз), жылдамдықты ауыстыру (стр. 22-бетті қараңыз) және оларды дұрыс қолдануды үйреніңіз.

Алдыңғы жұлдыздар, бұлғақтар жүйесі, шынжыр, педальдар мен дөңгелектер сияқты велосипедтің айналмалы бөлшектеріне бөгде заттардың немесе киімнің қыстырылып қалуынан сақ болыңыз.

Киімжарағыңызға көңіл бөліңіз:

Аяқ киім аяққа және педальға жақсы орналасуы керек. Ешқашан жалаң аяқ немесе сандалдармен велосипед теппеңіз.

Киім ашық түсті және көзге түсетін болуы керек, сонда жақын өтіп бара жатқан жүргізушілер сізді алдын ала байқай алады. Оған қоса, киім велосипед шынжырына және жолдағы ағаштар мен заттарға ілініп қалмауы үшін тым кең болмауы керек.

Арнайы велосипед көзілдірігі де артық болмайды — ол тек күннен ғана емес,

шаңнан, көліктерден ұшатын тастардан және жәндіктерден қорғайды. Велосипедпен секіру велосипедтің бұзылу қаупін, сондай-ақ, жарақат алу қаупін арттыратынын есте ұстаған жөн. Оған қоса, тек азғана велосипед типтері ғана секіруге арналған. Велосипедпен жүру жылдамдығы ауа райы мен табиғи жағдайларға, сондай-ақ, сіздің дағдыларыңызға сәйкес болуы керек. Жылдамдық неғұрлым жоғары болса, тәуекел соғұрлым жоғары болады.

2.2 Қоғамдық жолдардағы қауіпсіздік

1. Велосипедшілерге қатысты жол қозғалысы ережелерін оқып, оларды сақтаңыз!
2. Жолда жаяу жүргіншілер, басқа велосипедшілер, автомобиль жүргізушілері және басқа да жол қозғалысына қатысушылар бар. Олардың құқықтарын құрметтеңіз.
3. Сақ болыңыз. Жолдағы велосипедшіні автомобильге қарағанда байқау қиын, сол себепті басқа жол қозғалыс қатысушылары сізді байқамай қалуы мүмкін екенін ескеріңіз.
4. Қалада жүру үшін арнайы велосипед жолдарын қолдану қажет, олар болмаған жағдайда жолдың мүмкіндігінше шетіне жақын жүріс бөлігін (жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес) қолданған жөн.
5. Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес бұрылатын жағыңызды қолыңызбен көрсетіңіз.
6. Ешқашан жолда құлаққаппен велосипед теппеңіз. Біріншіден, сіз автомобиль сигналдары мен сиреналарды естімей қалуыңыз мүмкін. Екіншіден, сымдар велосипедтің қозғалатын бөліктеріне шатасып кетіп, басқару мүмкіндігін жоғалтып алуыңыз мүмкін.
7. Мас (алкогольдік, есірткілік немесе өзге де) күйде, реакция мен зейінді нашарлататын дәрілік заттар әсерімен, сондай-ақ жол қозғалысына қауіп төндіретін ауру немесе шаршау күйде велосипед тебуге тыйым салынады.
8. Егер мүмкін болса, қолайсыз ауа райында, көрінімділік нашар кезде, тұманда және түнде велосипед теппеген

жөн, өйткені бұл жағдайлардың кез келгені апат қаупін арттырады.

2.3 Жолсыз жерде велосипед тебу ерекшеліктері

1. Жолсыз жерде велосипед тебу ерекшеліктері көп зейін мен белгілі бір дағдыларды қажет етеді. Басында қарапайым жерлерден бастап, кейіннен велосипед тебу орындары мен жағдайларын біртіндеп қиындатыңыз.
2. Велосипед тебу жағдайына қарай дулыға мен қолғаптардан басқа қосымша қорғаныш ұсынылады.
3. Елді мекендерден алыс жерде жалғыз жүрмеңіз. Бір топ адаммен бірге кетсеңіз де, қайда бара жатқаныңызды айтып кетіңіз.
4. Жасай алатыныңызға сенімсіз күрделі трюктерді жасамаңыз. Олар құлап, жарақат алуға және велосипедті зақымдауға себеп болуы мүмкін.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ылғалды ауа райында велосипедші үшін де, жол қозғалысының басқа қатысушылары үшін де көрінімділік, жолмен ілінісу және тежеу тиімділігі нашарлайды. Мұндай жағдайларда апатқа ұшырау қаупі күрт артады.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ылғалды

жолда тежеу тиімділігі мен дөңгелектердің жол жабынымен ілінісу мүмкіндігі айтарлықтай төмендейді. Нәтижесінде жылдамдықты басқару қиындап, басқаруды оңай жоғалтып алу мүмкін.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Мұндай

жағдайда уақытылы тежеп тоқтау үшін, біріншіден, баяу жүру керек, екіншіден, құрғақ ауа райына қарағанда алдын ала және ақырын тежеу керек.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жол

белгілерін, трамвай мен теміржол желілерін кесіп өткенде аса сақ болу керек, өйткені олар жаңбырда өте тайғақ болады.

2.4 Қараңғы уақытта велосипед тебу

Көрінімділік нашар кезде велосипед тебу күндізге қарағанда бірнеше есе қауіпті. Негізгі себеп — велосипедшіні жаяу жүргіншілер де, автомобиль жүргізушілері де байқауы қиын болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

■ Қараңғыда және басқа да нашар көрінетін жағдайда жарық бергіш құрылғысыз және жарық шағылыстырғыштарсыз велосипед тебу өмір мен денсаулыққа қауіпті. Егер сіз кейде қоғамдық жолдарға немесе жаяу жүргіншілер жолына шығатын болсаңыз, велосипедке орнатылған катафоттарды шешпеуге кеңес береміз, өйткені олар көше жарығы мен автомобиль фараларынан түсетін жарықты шағылыстыруға арналған. Бұл басқа жол қозғалысы қатысушыларына сізді уақытында байқауға көмектеседі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

■ Жарық шағылыстырғыштар мен олардың бекітпелерін жиі тексеріп жүріңіз — катафоттар таза, зақымдалмаған, дұрыс бағытталған және жақсы бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

■ Егер көрінімділік нашар кезде велосипед тебу қажет болса, келесі нұсқауларды орындауды ұсынамыз:

- Жарықтандыру жүйесі мен катафоттардың дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Велосипед катафоттарын немесе жарықтандыру жүйесін киім мен жүк жауып тұрмағанын тексеріңіз.
- Қараңғыда велосипедпен баяу қозғалыңыз, мүлдем көрінбейтін жерлерден және көп көлік жүретін жолдардан аулақ болыңыз. Мүмкіндігінше таныс жолмен жүріңіз.

2.5 Балалар қауіпсіздігі

Сіз балаларыңыздың қауіпсіздігі мен олардың іс-әрекеттеріне жауап бересіз. Сол себепті велосипедтің балаға сай келетінін, оның жақсы және қауіпсіз күйде екенін тексеруіңіз, сондай-ақ сіз де, балаңыз да велосипедті қауіпсіз қолдану ережелерін оқып, түсінгеніңізге көз жеткізуіңіз керек. Егер мүмкін болса, баланың велосипедіне қосымша сигнал беру құралдарын орнатыңыз. Бұл велосипедтегі баланы басқа жол қозғалысына қатысушылар (әсіресе автомобиль жүргізушілері) байқайтын сигналдық жалауша, ашық түсті киім немесе қосымша катафоттар болуы мүмкін.

Балаңызға велосипед қоңырауын не дыбыстық сигналын қолдануды үйретіңіз. Бала басқалардың көңілін неғұрлым өзіне аударса, баланы басқа жол қозғалысына қатысушылар, соның ішінде жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер байқамай қалуы салдарынан орын алатын апат ықтималдығы соғұрлым төмен болады. Балаңызға жол қозғалысы ережелерінің негіздерін (бағдаршам сигналдары, жаяу жүргіншілер өткелінен өту) үйретіңіз. Ересектердің қарауынсыз, баланың өз бетімен жолды кесіп өтуіне жол бермеңіз!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

■ Баланың велосипед тебу кезінде арнайы велосипед дулығасын кигеніне көз жеткізіңіз. Балаңызға дулыға тек велосипед тебуге арналғанын және оны балалар алаңында ойнау не басқа әрекеттер орындау үшін киюге болмайтынын түсіндіріңіз.

Глава 3. Практикалық бөлім

Сіздің қауіпсіздігіңіз және велосипед қасиеттерін барынша қолдану арқылы велосипед тебуден ләззат алу үшін велосипедтің әртүрлі бөлшектері қалай жұмыс істейтінін білу маңызды. Нұсқаулықтың осы бөлімін міндетті түрде оқып шығыңыз. Егер қандай да бір бөлшектің жұмысы туралы күмәніңіз болса, велосипед дүкенінің қызметкеріне жүгініңіз.

3.1 Дөңгелектерді шешу және орнату

Кез келген ROCES велосипедінде дөңгелектер эксцентрлік қысқыштармен бекітілген (9-сур.). Эксцентрлік қысқыштарды құрал-саймандарсыз қолмен бекітуге болады.

Орнату немесе шешу реті:

Дөңгелектерді шешу:

1. Егер құрсау тежегіштері болса, тежегішті босатып (стр. 20-бетті қараңыз), дөңгелекқапқа тимеуі үшін қалыптарды екі жаққа қарай ашыңыз;
2. Ашаға немесе қаңқаға бекітілген дөңгелекті босатыңыз;
3. Дөңгелекті ашадан немесе қаңқадан алыңыз.

Дөңгелекті орнату:


1. Дөңгелекті ашаға немесе қаңқаға орнатыңыз;
2. Дөңгелек бекітпесін ашаға немесе қаңқаға тартып бұраңыз;
3. Құрсау тежегішін (егер бар болса) іске қосыңыз;
4. Дөңгелектің туралығын және тежегіш тұтқасы басылмай тұрғанда қалыптар құрсауға тимейтінін тексеріңіз.

Велосипед конструкциясына байланысты дөңгелектерді шешу / орнату тәртібі кішкене өзгеше болуы мүмкін. Төменде негізгі кезеңдер көрсетілген.

3.1.1 Эксцентрлік қысқыштары бар дөңгелектерді шешу және орнату

Эксцентрлік қысқыш дөңгелекті бір жағында қозғалмалы иінізге және екінші жағында сомыны бар эксцентрлік механизм арқылы бекітеді. Сомынды бұрау арқылы осьтің бос бөлігінің қажетті ұзындығы орнатылады.

9-сур.: Дөңгелектің эксцентрлік қысқышы



10-сур.: Дөңгелекті сомын арқылы бекіту

Бекіту негізінен сомынды тарту / босату арқылы емес, иінізге бұрау арқылы жүзеге асатынын түсіну маңызды. Дөңгелек төлкесі велосипед ашасына не қаңқасына бір жағынан эксцентрик, ал екінші жағынан керілісті реттеу сомынын басу арқылы бекітіледі. Бұл күштің шамасы керілісті реттеу сомынын бұру арқылы басқарылады. Эксцентрик айналырмай, сомынды сағат тілімен бұрағанда, қысу күші артады; сағат тіліне қарсы бұрағанда — азаяды. Керілісті реттеу сомыны жарты айналымнан аз бұралса да, қысқыш күші жеткілікті деңгейден қауіптіге дейін төмендеуі мүмкін екенін ескеріңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дұрыс тартылмаған дөңгелек эксцентриктерімен жүру дөңгелектің «теңселуіне» немесе тіпті велосипедтен шығып кетіп, велосипедтің зақымдалуына немесе жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

I Дөңгелектің эксцентрлі қысқышы екі күйде болады: «АШЫҚ» және «ЖАБЫҚ». Әдетте, эксцентрлі қысқыш иінтірегiнiң қарама-қарсы жақтарына тиісті белгілер (OPEN және CLOSE) орнатылады, соған қарап қысқыштың ағымдағы күйін анықтауға болады.

Эксцентрлі қысқышты ашу (дөңгелектерді шешкенде) үшін иінтіректі «АШЫҚ» күйіне жылжытыңыз. Бастапқыда күш салу қажет болады, кейіннен иінтірек жүктемесі нөлге дейін азаяды. Алайда, дөңгелекті шешу үшін жай ғана иінтіректі босату жеткіліксіз. Дөңгелекті ашадан не қаңқадан шығару үшін иінтірекке қарама-қарсы беттегі сомынды 4–6 рет толық бұрап алу керек.

Эксцентрлі қысқышты жабу (дөңгелектерді орнатқанда) үшін иінтіректі «ЖАБЫҚ» күйіне жылжытыңыз. Бастапқыда күш салу қажет болмайды, кейіннен иінтірек жүктемесі максималды арта түседі. Иінтіректі «ЖАБЫҚ» күйіне жылжытпас бұрын, сомынды қарама-қарсы жағынан алдын ала тарту арқылы дөңгелек төлкесінің фланецтері мен ашаның не қаңқаның дропауттары (отырғызу жазықтары) арасындағы саңылауға келтіру қажет. 1-2 мм саңылау болғаны дұрыс. Әдетте, бұл жағдайда эксцентрик иінтірегі жартылай жабылып, «АШЫҚ» күйден «ЖАБЫҚ» күйге ауыса бастағанда, кедергіні сезесіз.

I Егер велосипедіңіз дискілі тежегіштермен жабдықталған болса, ■ дөңгелекті орнатқан кезде тежегіш дискіні, тежегіш қалыптарды немесе тежегіш машинканы (калипер) зақымдап алмаңыз. Тежегіш дискі зақымдалған болса, оны өзіңіз түзетіңіз немесе велосипедті жөндеуге беріңіз. Егер диск калиперге дұрыс салынбаған болса, дискілі тежегіш иінтірегін ешқашан басаңыз.

I Көп жылдамдықты велосипедтің артқы дөңгелегін шешу/орнату ■ ерекшеліктері: жылдамдықты ауыстырып қосқыштың конструкциясы дөңгелекті қаңқа дропауттарына еркін алып/салуға кедергі жасайды. Бұл процесті жеңілдету үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

3.1.2 Артқы дөңгелекті алу/салу:

1. Артқы ауыстырып қосқыш арқылы шынжырды ең кішкентай жұлдызға жылжытыңыз.
2. Оң қолыңызбен серіппе кедергісін еңсеріп, артқы ауыстырып қосқыштың корпусын артқа қарай итеріңіз.
3. Велосипедтің артқы шетін жерден 10–15 см жоғары көтеріп, ауыстырып қосқышты артқа қарай ұстап тұрған күйде дөңгелекті төмен және алға қарай итеріңіз, сонда ол қаңқаның дропаут ойықтарынан шығады.

Артқы дөңгелекті қаңқаға орнату үшін:

1. Артқы ауыстырып қосқыш шынжырды ең кішкентай жұлдызға жылжытатын күйде тұрғанына көз жеткізіңіз (ауыстырып қосқыш жақтауы велосипед қаңқасының ортасынан барынша алыс болады).
2. Оң қолыңызбен ауыстырып қосқыш корпусын артқа итеріңіз.
3. Артқы дөңгелек төлкесінің осін шынжыр тармағының ішіне орналастырыңыз және ауыстырып қосқышты артқы күйде ұстап тұрып, дөңгелек осін қаңқаның дропаут ойықтарына мықтап және толық кіретіндей етіп орнатыңыз.
4. Ауыстырып қосқышты жіберіңіз. Шынжыр ең кішкентай жұлдызшаға түскеніне көз жеткізіңіз, қажет болса, оны түзетіңіз.


3.2 Дөңгелекқаптар мен камералар

Велосипед дөңгелекқаптарының типтері, өлшемдері, протектор суреттері және мақсаты әртүрлі болып келеді: әмбебаптан бастап, өте нақты жол немесе ауа райы жағдайына арналған модельдерге дейін (мысалы, қысқы тікенекті немесе өте жұмсақ протектор суреті бар балшықты дөңгелекқаптар). Сіздің велосипедіңіз өндіруші ойынша велосипедті болжалды қолдану шарттарына барынша сәйкес келетін дөңгелекқаптармен жабдықталған.

Егер велосипед тебу стиліңізге немесе қоршаған орта жағдайына басқа дөңгелекқаптар сәйкес келеді деп ойласаңыз, жақын жердегі велосипед дүкеніне барыңыз, ондағы тәжірибелі кеңесшілер сізге барынша оңтайлы дөңгелекқапты таңдауға көмектеседі.

МАҢЫЗДЫ: Дөңгелекқаптарды жіңішкерек не жалпағырақ түріне ауыстыру велосипед жүрісіне әсер етеді және кей жағдайда

11-сур.: Дөңгелекқаптар бүйіріндегі ақпараттық жазулар



велосипед тебуді қауіпті етуі мүмкін. Міндетті түрде жаңа дөңгелекқаптарға шақ келетін камераларды қолданыңыз.

3.2.1 Дөңгелекқаптардағы ақпарат
Дөңгелекқаптың бүйірінде дөңгелек өлшемі, ұсынылатын қысым деңгейі және кей кездері қолдану шарттары көрсетіледі (11-сур.). Ондағы сіз үшін ең маңызды ақпарат — қысым. Дөңгелекқаптың бүйірінде максималды қысым немесе ұсынылған қысым ауқымы көрсетілген. Қысым кПа, бар немесе PSI мәнінде беріледі. Әдетте, бұл мәндердің кемінде екеуі велосипед сорғысының манометрінде қолданылады, сондықтан өлшем мәндерімен қиындықтар болмауы керек.

Егер сорғы манометрінде дөңгелекқапта көрсетілгеннен басқа өлшем бірлігі болса, велосипед дүкенінің сатушысынан қысым бірлігін өзіңізге ыңғайлы етіп түрлендіруге көмектесуін сұраңыз.

HAZAR AUDARYŲYZ!

Жанармай құю станцияларында орнатылған компрессорларды, сондай-ақ кез келген автомобиль мен өнеркәсіп компрессорларын дөңгелектерге жел беру үшін қолдану қауіпті болуы мүмкін! Олар велосипед дөңгелектерін үрлеуге арналмаған және өте күшті болғандықтан, дөңгелекқапты жарып жіберуі мүмкін.

3.2.2 Дөңгелекқаптарды пайдалану

Дөңгелекқаптың әртүрлі ауа райы мен жол жағдайындағы жүрісі оның ішіндегі ауа қысымына өте тәуелді болады. Қысым деңгейі максималды мәнге жақын дөңгелекқаптың теңселу кедергісі аз болады, бірақ жүрісі қатты болады. Жоғары қысым тегіс, қатты және құрғақ жолда жүруге жақсы. Тапталған балшық сияқты тайғақ беттерде немесе құрғақ құм сияқты борпылдақ топырақта өте төмен қысыммен жүру тиімді. Дене салмағыңыз немесе жол жағдайы үшін тым төмен дөңгелекқап қысымы камераны зақымдауы мүмкін, өйткені дөңгелекқап қатты деформацияланған кезде, камера құрсау мен дөңгелекқап арасында қысылып қалады.

Кейбір арнайы дөңгелекқаптарда бағытталған протектор суреттері болады. Мұндай дөңгелекқаптардың дұрыс айналу бағыты бүйірінде көрсеткімен көрсетіледі (кейде Rotation немесе Drive Direction сөздері жазылған болады, 11-сур. қараңыз). Егер велосипедтің бағытталған протектор суреті бар дөңгелекқаптары болса, алға қозғалу кезінде дөңгелектің айналу бағыты көрсеткімен көрсетілген бағытта екеніне көз жеткізіңіз. Кейде өндіруші алдыңғы немесе артқы дөңгелекке орнатылған дөңгелекқаптың айналу бағытын көрсетеді. Бұл жағдайда әдетте көрсеткі қасында дөңгелек типі көрсетіледі: алдыңғы (Forward) немесе артқы (Rear). Ұсынылған шина қысымы туралы ақпарат.

Камерадағы жұмыс қысымын велосипедке түсетін жүктемеге (велосипед салмағы, қосымша керек-жарақтар) және жүргізу стиліне байланысты кестеде көрсетілген ауқымда реттеуге болады. Велосипед қаңқасының биіктігін отырғыш алдындағы қаңқаның көлденең бөлігі жерде тұрған велосипедші аяқтарының арасына еркін сыйатындай етіп таңдау керек.

Велосипед моделі	Қысым, P.S.I.	Шина өлшемі
Roces Eleganza 1 / 2	40-65	27.5"×2.1"
Roces Vento 1 / 2	40-65	27.5"×2.1"
Roces Vento 3	40-65	27.5"×2.1"
Roces Vento 4	MAX 65	29"×2.0"
Roces Uragano 24	40-65	24"×2.35"
Roces Stella 24	40-65	24"×2.35"
Sole 1/2	50-75	700×42C

3.2.3 Резеңкені алу/салу

Велосипед дөңгелекқаптарын шешу және орнату үшін арнайы құрал-сайман керек емес, алайда кей жағдайда монтаждық жинақ (кемінде 2 д.) қажет болуы мүмкін. Бұл арзан әрі қарапайым құрал-сайманды кез келген Sportmaster дүкенінен сатып алуға болады.

Дөңгелекқаптар мен камераларды шешу тәртібі:

1. Камера клапаны арқылы камера ішіндегі ауаны толық шығарыңыз (стр. 17);
2. Дөңгелекқаптың бүйірін қолыңызбен майыстырыңыз, сонда дөңгелекқап құрсау қабырғасынан ажырайды;
3. Қолмен не монтаждау жинағы арқылы дөңгелекқапты құрсаудың бір шетінен шығарып, оны қолмен және монтаждау жинағымен құрсаудың бүкіл ұзындығы бойынша тартыңыз;
4. Дөңгелектен камераны шығарыңыз;
5. Дөңгелекқаптың екінші бүйірін де жоғарыда көрсетілгендей босатыңыз. Осыдан кейін құрсауға бекітілмеген дөңгелекқапты оңай шығарып алуға болады.

Дөңгелекқаптар мен камераларды орнату тәртібі:

1. Дөңгелекқаптың бір бүйірін құрсауға кигізіңіз;
2. Камера пішінін келтіру үшін оған аздап жел беріңіз, содан кейін оны дөңгелекқап ішіне салыңыз. Клапанды құрсаудың тиісті саңылауы арқылы өткізіңіз;
3. Дөңгелекқаптың екінші бүйірін құрсауға кигізіңіз. Қажет болса, монтаждық жинақты қолданыңыз;
4. Дөңгелекқап құрсауға қисаймай, тура отыруы үшін оны қолыңызбен түзетіңіз;

5. Камераға дөңгелекқаптың бүйірінде көрсетілген ұсынылған қысымға дейін жел беріңіз.

Дөңгелекқапты орнату және шешу кезінде монтаждық жинақ ретінде бұрауыштарды немесе болат кілттерді қолданбаңыз. Бұл камераны зақымдауы мүмкін. Мұндай әрекет алюминий құрсаулардың отырғызу ернеуін зақымдап, дөңгелекқапты қайта орнатуды қиындатуы, сондай-ақ жарақат алу қаупі бар саңылаулар мен ойықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.


3.2.4 Велосипед камераларының клапандары

ROCES велосипедтерінде келесі камера клапандары қолданылады:

- Автомобиль типті, «Шредер» (Schrader) деп те аталады. Кейде A/V (American valve) деп белгіленеді;
- Велосипед типті, «Преста» (Presta) деп те аталады. Белгісі — F/V (French valve).

Камераға «Шредер» типті автомобиль клапанымен жел беру үшін қақпақты бұрап алып, сорғы штуцерін клапанға барынша терең кигізіңіз. Бекітпе механизм (серіппелі ине) автоматты түрде ашылады. Камера қысымын азайту үшін жай ғана жіңішке затпен инені басыңыз — камерадан ауа шыға бастайды.

Камераға велосипед клапанымен («Преста») жел беру үшін қақпақты шешіп, бекітпе механизмінің бекіту сомының бұрап, жоғарыдан қысқа басу арқылы клапанды босатыңыз. Содан кейін сорғы штуцерін клапанға барынша терең кигізіп (бекітпе



механизм автоматты түрде ашылады), жел беруді бастауға болады. Қысым клапанның тығынын басу арқылы шығарылады. «Преста» типті клапанмен жұмысты аяқтағаннан кейін әрдайым бекітпе механизмнің бекіту сомынын қатайту қажет.

3.3 Тежегіштерді реттеу және пайдалану

Заманауи велосипедтерде үш тежегіш типі бар: құрсау, дискілі және төлкелі. Құрсау тежегіштері дөңгелек құрсауын тежеу арқылы жұмыс істейді, ал дискілі тежегіштерге қосымша элемент, яғни диск (ротор) қажет, сондай-ақ олар автомобильдік және мотоциклдік тежегіштерге ұқсас жұмыс істейді. Екі тежегіштің де өз артықшылықтары бар, бірақ құндық айырмашылығына байланысты арзан велосипедтерде құрсау тежегіштері, ал қымбаттарында дискілі тежегіштер қолданылады. Төлкелі тежегіштер артқы дөңгелек төлкесінің ішінде орналасады, олар педальдарды кері қарай басқанда іске қосылады және тек артқы дөңгелекті тежейді. Дискілі тежегіштер жұмысының толық сипаттамасы және оларды орнату, теңшеу мен күту туралы ұсынымдар тежегіштер өндірушісінің нұсқаулығында берілген. Егер сізде өндіруші нұсқаулығы болмаса, кеңес алу үшін дүкенге хабарласыңыз. Бұл нұсқаулықта әрі қарай негізінен тежегіштердің ең көп тараған түрі — V типті құрсау тежегіштері, басқалай «ви-брейктер» (ағылш. V-brake, V типті тежегіш) деп аталатын тежегіштерді реттеу және оларға техникалық қызмет көрсету процедуралары сипатталады.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дискілі және V типті тежегіштер (13-сур.) сияқты кейбір тежеу жүйелері үлкен күшке ие болады. Оларды қолданғанда, әсіресе бастапқыда тежеу күшін дәл мөлшерлеп үйренгенге дейін өте сақ болыңыз.


3.3.1 Тежегіштерді реттеу

Тежегіштер — маңызды және дәл механизм, сондықтан оларды жақсы техникалық күйде, яғни жарамды және дұрыс реттелген күйде ұстау керек. V типті тежегіштер конструкциясы мен оларды реттеу тәртібі келесі абзацтарда сипатталған.

Механикалық тежегіштердің (құрсау немесе дискілі) тежегіш тұтқасында (13.1-сур., 2-поз.) екі реттеме бар — тежегіш тұтқасының иінтірегіне дейінгі қашықтықты өзгерту бұрандасы және жіңішке сымарқан керілісін реттеу механизмі. Тежегіш тұтқасының иінтірегіне дейінгі қашықтық бұранданы бұрау арқылы өзгертіледі (13.1-сур., 1-поз.). Иінтіректі саусақтарыңызбен оңай жетуге болатындай және басқан кезде ол руль грипсіне тірелмейтіндей етіп орнатыңыз. Жіңішке сымарқан керілісін



13.1-сур.: V-типті тежегіш тұтқасы және оның реттемелері



13.2-сур.: V-типті тежегіш және оның реттемелері

реттеу бұрандасы (13.1-сур., 3-поз.) және қарсысомыны (13.1-сур., 4-поз.) тек тегежіш сымарқанының керілісін пайдалану жағдайына сай баптау үшін қолданылады. Керілісті әр реттеген сайын бұранданы қарсысомынмен бекітуді ұмытпаңыз.

V типті тежегіш механизмі екі жылжымалы иінтіректен (13.2-сур., 1-поз.) тұрады, олардың әрқайсысы топсада айналады (13.2-сур., 2-поз.). Иінтіректерге тежегіш қалыптары жалғанған (13.2-сур., 3-поз.), олардың үйкелісті бөлігі тежегіш тұтқасы басылып, жіңішке сымарқан керілген кезде дөңгелек құрсауымен жанасады. Тежегіш механизм қайтармалы серіппені керу бұрандалары (13.2-сур., 4-поз.) және тежегіш қалыптардың күйі арқылы реттеледі, ол үшін сфералық шайбалар жинағы қолданылады (13.2-сур., 5-поз.). Дұрыс реттелген V типті тежегіш қалыптардың біркелкі және бір уақытта құрсауды қысуын қамтамасыз етуі керек. Тежегіш басылмаған кезде қалыптар мен құрсау арасындағы қашықтық 1–3 мм болуы қажет.

Қалыптардың бұрыштық қалпын теңшеу қалыптардың максималды ауданымен құрсауға жанасуы үшін қажет. Сфералық шайбалар жинағын (13.2-сур., 5-поз.) қатайтатын бұранда керілісін (13.2-сур., 6-поз.) босатып, қалыпты құрсауға параллельді және қатаң қарама-қарсы түрде орнатыңыз. Қалыпты айналмайтын-дай етіп ұстап тұрып, бұранданы қатайтыңыз. Екінші тежегіш қалыбы үшін де осы әрекетті қайталаңыз.

Қалыптар қалпын теңшеу келесідей жүзеге асырылады:

- Тежегіш тұтқасын қалыптар құрсау бетіне тірелгенше басыңыз. Егер тежегіш тұтқасының иінтірегі руль қолсабына тіреліп тұрса, бірақ қалыптар волосипедті тиімді тежеуге жеткілікті түрде құрсауды қатты қыспаса, тежегіштегі жіңішке сымарқанның жұмыс ұзындығын қысқарту қажет. Егер, керісінше, тежегіш тұтқасының иінтірегі сәл басқанның өзінде қалыптар құрсауды қысып қалатын болса, жіңішке сымарқанның жұмыс ұзындығын ұзарту қажет.
- Жіңішке сымарқан қысқышының бұрандасын (13.2-сур., 7-поз.) босатып, сымарқанның жұмыс ұзындығын өзгерту үшін оны (тежегіш тұтқасынан тежегіш иінтірегіне дейін) дұрыс бағытта

сырғытыңыз. Сымарқан қысқышының бұрандасын қатайтыңыз.

- Соңғы әрекетті қалыптар мен құрсау арасындағы қашықтық қажетті мәнге жеткенше қайталаңыз. Егер қажет болса, жіңішке сымарқан керілісін реттеу механизмі (13.1-сур., 3, 4 поз.) арқылы сымарқанды дәл реттеуге болады (төменде қараңыз).

Жіңішке сымарқан керілісін пайдалану жағдайына сай реттеу тежегіш қалыптарының үйкелісті бөлігі тозуына және тиісінше олардың биіктігінің өзгеруіне қарай жүргізіледі. Қалыптардың еркін жүрісі қажетті мәндерге оралуы үшін қарсысомынды (13.1 сур., 4 поз.) босатып, бұранда (13.1-сур., 3 поз.) арқылы жіңішке сымарқанның жұмыс ұзындығын реттеңіз. Қарсысомынды қатайтуды ұмытпаңыз.

Қалыптарды ауыстыру тежегіштің жұмысқа жарамдылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет. Сфералық шайбалар жинағын (13.2-сур., 5-поз.) қатайта-тын бұранданы (13.2-сур., 6-поз.) босатып, бұрансұқпадан сыртқы шайбаларды алыңыз, содан кейін тежегіш иінтірегінен қалыпты ажыратыңыз. Сақ болыңыз — шайбалар бұрансұқпадан оңай шығып кетіп, жоғалып қалуы мүмкін. Қалыптар кері ретпен орнатылады. Қалыптарды ауыстыру кезінде олардың бұрыштық қалпын теңшеу қажет (жоғарыдан қараңыз).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дұрыс теңшелмеген тежегіштермен немесе тозған тежегіш қалыптарымен жүру қауіпті және жарақатқа әкелуі мүмкін!

Тежегіштің жіңішке сымарқаны

зақымдалған немесе тозған кезде ауыстырылады. Тежегіш сымарқаны қысқышының бұрандасын (13.2-сур., 7-поз.) босатып, оны тежегіш иінтірегінің қысқыш бөлігінен алыңыз (егер жіңішке сымарқанға ұштық қақпақ салынған болса, алдымен оны алыңыз), содан кейін жіңішке сымарқанды қаптамадан (өрмеден) суырып шығарыңыз. Тежегіш тұтқадағы реттеу бұрандасын (13.1-сур., 3-поз.) және қарсысомынды (13.1-сур., 4-поз.) олардың корпустарындағы тіліктер тежегіш тұтқасының корпусындағы кесікке сәйкес келетіндей етіп бұраңыз. Тежегіш тұтқасының иінтірегін басып, жіңішке сымарқанды кесік арқылы

шығарыңыз. Тежегіш тұтқасының иінтірегіндегі тиісті ойықтан жіңішке сымарқан бекітпесінің шағын ұштық цилиндрін шығарыңыз. Жіңішке сымарқан кері ретпен орнатылады.

V типті тежегішті ағыту механизмі — жұмыс жағдайында дөңгелекқаптың өтуіне жол бермейтін тежегішті немесе тежегіш қалыптарын бөлшектемей-ақ, велосипедтен дөңгелекті шығару мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған. Тежегішті ағыту үшін тежегіш иінтіректері жұбын (13.2-сур., 1-поз.) бір қолмен қысып тұрып, екінші қолмен жылжымалы металл басқыштан (13.2-сур., 10-поз.) жіңішке сымарқанның жеткізу түтігін (13.2-сур., 9-поз.) шығару қажет. Орнына салу ұқсас түрде орындалады: бір қолмен иінтіректерді бір-біріне қарай қысамыз (қалыптар құрсауға тиеді), ал екінші қолмен жеткізу түтігін басқышқа саламыз. Егер тежегіш дұрыс теңшелген болса, тежегіштерді реттемесін бұзбай ағытуға және орнына салуға болады.

Дискілі тежегіштерді орнату және реттеу

Суппорт қалпын орнату және реттеу

1-қадам. Бекітпе бұрандаларын соңына дейін тартпай, суппортты ашаға орнатыңыз (А сур.).

2-қадам. Рульдегі сол жақ тежегіш тұтқасынан келетін сымарқанды суппортқа жалғаңыз. Ол үшін сымарқанды сымарқан қысқышының бұранда басының астынан өткізіп, бұранданы 4–7 Nm күш салу арқылы алтықырлы кілтпен бұраңыз (Б және В сур.).


3-қадам. Сымарқанды кесіп, 40–50 мм ұшын бос қалдырыңыз. Сымарқанның бос ұшына қақпақты орнатыңыз. Қақпақты арнайы құрал-сайманмен немесе тістеуікпен қысыңыз (В сур.).

4-қадам. Тежегіш қалыптары дискілі тежегіш роторын қатты қысу үшін тежегіш тұтқасын басыңыз (Г сур.).



5-қадам. Тежегіш тұтқасын жібермей, кезек-кезек, суппорттың бекітпе бұрандаларын шамамен $\frac{1}{2}$ айналымға тартыңыз. Суппорттың бекітпе бұрандаларын 8–10 Nm күш салу арқылы тарту қажет

Қалыптар қалпын реттеу (механикалық жүйелер үшін)


Суппорт бекітпесінің бұрандалары




Сымарқан қысқышының бұрандасы



Сымарқанның бос ұшы 40–50 мм



Суппорт бекітпесінің бұрандалары



Д сур.


Қалыптар қалпын реттемес бұрын, тежегіш сымарқанының керілісін реттеу төлкесін нөлдік күйге орнату қажет (А сур.). Төлкені қарсысомынмен бекітіңіз.

Тежегіш қалпы мен дискілі тежегіш роторының ішкі жағы арасындағы бос орын артатындай етіп қалыпты реттеу бұрандасын сағат тіліне қарсы бұрап босатыңыз. Қалыптар мен ротордың екі жағы арасындағы саңылау бірдей 0,2–0,5 мм болуы керек. Қалыптар тозған сайын тежегіш сабының жүрісі артып, тежеу тиімділігі төмендейді. Қалыптардың тозуына бай-

қалыптарының, әсіресе құрсау тежегіштері қалыптарының қызмет мерзімін айтарлықтай (бірнеше есе) қысқартатынын есте сақтаңыз.

Әрқашан қосымша бір тежегіш жетегінің жіңішке сымарқаны (құрсау не дискілі механикалық) болғаны жөн — оны жөндеу жиынтығымен бірге алып жүрген дұрыс (стр. 10-бетті қараңыз).

Егер құрсау тежегіштері қолданылса, дөңгелек құрсауының қатты (2 мм-ден астам) бүйірлік және радиалды соғылуын болдырмаңыз. Соғылып жүретін құрсау



ланысты үлкейген саңылаудың орнын толтыру үшін сымарқан керілісін реттеу төлкесін қолданыңыз. Ол үшін төлкені 1,5–2 айналымға бұрап алып (В сур.), тежегіш тиімділігін тексеріңіз. Төлкені қарсысомынмен бекітіңіз.

3.3.2 Тежегіштерді пайдалану

Тежегіштер — велосипедтің қауіпсіздік тұрғысынан өте маңызды элементтерінің бірі, сондықтан оларды жақсы күйде ұстау және тиімділік өзгерісін алдын ала бақылау қажет. Тежегіштер ұзақ уақыт мүлтіксіз жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз.

Тежегіш тұтқаларын өзіңізге ыңғайлы етіп реттеңіз — оларды басуға ыңғайлы етіп орнату керек және тежегіш тұтқалары руль қолсабына тірелмеуі қажет.

Тежегіштерді таза ұстаңыз — ластанған тежегіш қалыптарының тиімділігі айтарлықтай төмендейді. Тежегіш беттерінің майлануына жол бермеңіз.

Тежегіш қалыптарын уақтылы ауыстырыңыз — олар шығын материалына жатады және әрқашан үйкелісті материалы жеткілікті мөлшерде қалуы керек. Ылғалды не батпақты жағдайда жүру тежегіш

тұтқаның еркін жүрісін арттырып, V типті тежегіштердің тиімділігін айтарлықтай төмендетеді. Оған қоса, тежегіш тұтқасы басылмаса да, қалыптар құрсауға үйкеліп, тез тозады.

Жүру жылдамдығын және тежеу қаттылығын біртіндеп арттырыңыз — бұл тежегіштер жұмысына үйреніп, тежеу жолын болжауға көмектеседі және велосипед тебуді қауіпсіздік етеді.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тежегішке бірден шамадан тыс күш салғанда бір не екі дөңгелек бұғатталуы мүмкін, осыған байланысты велосипедті басқару мүмкіндігін жоғалтып алып, құлап қалуыңыз мүмкін.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Алдыңғы тежегішті күтпеген жерден бірден басу велосипедшінің руль үстінен асып түсіп, жарақат алуына себеп болуы мүмкін.

■ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дискілі тежегіштер жұмыс кезінде, ■ әсіресе ауыр жүктемемен ұзақ тежегенде қатты қызып кетуі мүмкін. Жүйе толық салқындағанша тежегіш дискіні немесе калиперді ұстамаңыз.

3.4 Трансмиссия және берілісті ауыстыру жүйесі

Берілісті ауыстыру жүйесі велосипед трансмиссиясының бір бөлігі болып табылады, ол, өз кезегінде, педальды айналдыру энергиясын артқы дөңгелекке беру арқылы велосипедті қозғалтуға арналған. ROCES велосипедтерінің басым көпшілігі ашық берілісті ауыстыру жүйесі деп аталатын жүйемен жабдықталған. Тек планетарлық төлке орнатылған велосипедтер ішінде ғана өзіндік берілісті ауыстыру механизмі болады. Бұдан әрі ашық берілісті ауыстыру жүйесі туралы айтылады.

Ашық берілісті ауыстыру жүйесі келесі бөліктерден тұрады:

Кассета не шытырлауық — артқы жұлдышалар жинағы. Бұрамалы артқы төлкесі бар арзан велосипедтерге шытырлауық **орнатылады**. Ол жұлдыздардың ажырамас жинағынан және еркін жүру механизмінен (қырылдақ) тұратын бір блок болып табылады. Қымбатырақ велосипедтерде еркін жүру механизмі артқы төлкеге біріктірілген, ал оның барабанына жинақталған жұлдыздар **кассетасы** орнатылған;

Артқы ауыстырып қосқыш — шынжырды бір кассета жұлдызынан (шытырлауық) екіншісіне және артқа ауыстырады. Ауыстырып қосқыш көмегімен велосипедші шынжырлы жетектегі беріліс санын өзгертті. Ауыстырғыш төлкелері бар велосипедтерде төлке ішіндегі планетарлық механизм артқы ауыстырып қосқыш болып табылады.

Алдыңғы ауыстырып қосқыш — кейбір велосипедтерде болмайды. Оның функциялылығы артқы ауыстырып қосқышқа ұқсас, ол тек шынжырды бір алдыңғы жұлдыздан екіншісіне ауыстырады;

Манеткалар (шифтерлер) — велосипедшіге артқы және алдыңғы ауыстырып қосқыштар жұмысын басқаруға көмектесетін механизмдер. Егер велосипед бір артқы ауыстырып қосқышпен жабдықталған болса, онда бір манетка болады. ROCES велосипедтерінде екі типті

шифтерлер болады: шүріппелі (триггерлер) және айналмалы (грипшифтер). Біріншісі жеке иінтіректер жұбымен (бас бармақ пен сұқ саусақ арқылы) іске қосылады, ал екіншісі мотоцикл тұтқасы сияқты арнайы валикті өз осі бойымен айналдыру арқылы жұмыс істейді. Кейбір велосипедтерде комбо тұтқалар — бір модульге біріктірілген шифтерлер мен тежегіш тұтқалар болуы мүмкін.

Алдыңғы жұлдыздар — бұлғақтар жүйесіне бекітіліп, педальды айналдыру энергиясын шынжырға береді. Велосипед моделіне байланысты алдыңғы жұлдыздар жинағы бір, екі не үш жұлдыздан тұруы мүмкін.

Шынжыр — алдыңғы жұлдыздардан артқы жұлдыздарға күш береді.


■ Велосипед шынжыры кез келген трансмиссиямен немесе беріліс ■ санымен үйлесімді емес! Бір жылдамдықты велосипед шынжыры тек бір жылдамдықты трансмиссиямен жұмыс істеуге арналған, ал 21 жылдамдықты велосипед шынжыры 24 жылдамдықты велосипед шынжырымен үйлесімді емес, т.с.с.! Табиғи түрде тозатын және шығын материалы болып табылатын шынжырды ауыстырған кезде осыны есте сақтаңыз.

3.4.1 Ауыстыру қалай жүзеге асады?


Манеткалар типіне қарамастан, ашық берілісті ауыстыру жүйесі бір ережеге сай жұмыс істейді. Велосипедші манетка иінтірегін басады, ол жіңішке сымарқанды жылжытады, сымарқан, өз кезегінде, ауыстырып қосқышты іске қосады. Алдыңғы немесе артқы — қайсысы болса да бәрібір, екеуінің де жұмыс істеу принципі бірдей: ауыстырып қосқыш шынжырды бір жұлдыздан екінші жұлдызға ауыстырады және осылайша беріліс қатынасын өзгертті. Әртүрлі манетка типтері 14–16 сур. көрсетілген. Әрі қарай оқымас бұрын велосипедке орнатылған манетка типін анықтап алыңыз. **Төменге ауыстыру** («дауншифт») — төмен, баяу беріліске ауыстыру; педаль жеңіл айналады, бірақ велосипед жылдамдығы да аз болады.

Жоғарыға ауыстыру («апшифт») — жоғары, жылдам беріліске ауыстыру; педаль ауыр айналады, бірақ максималды велосипед жылдамдығы артады.


Манеткалардың (шифтерлердің) әртүрлі типтері: «А» әрпі жоғарғы беріліске, «Б» әрпі төменгі беріліске ауысу бағытын көрсетеді.



14-сур.: Shimano Revoshift грипшифттері (Sun-gate грипшифттері ұқсас конструкцияға ие)



15-сур.: Shimano комботұтқалары (EZ-Fire шүріппелі шифтері + тежегіш тұтқалар)



16-сур.: Shimano Rapid-Fire шүріппелі шифтері

Алдыңғы және артқы ауыстырып қосқыштарды ауыстыру ерекшелігі алдыңғы ауысу артқы ауысумен салыстырғанда керісінше болады. Мысалы, жеңілрек берілісті (төменге ауыстыру) екі жолмен таңдауға болады: шынжырды алдыңғы кішірек жұлдызға түсіріңіз немесе артқы үлкенірек жұлдызшаға көтеріңіз. Мұны оңай түсіну үшін келесіні есте сақтаңыз: шынжырды ішке қарай, велосипедтің ортаңғы сызығына жақын жылжыту төменге ауыстыруға, ал шынжырды сыртқа қарай жылжыту жоғарыға ауыстыруға сәйкес келеді.

Ешқашан берілістерді бір уақытта немесе педальды артқа қарай **■** айналдыру алдында ауыстырмаңыз! Бұл шынжырдың кептелуіне және велосипедтің қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін. Төменге және жоғарыға ауыстырғанда ашық берілісті ауыстыру жүйесі педальдарды тек алға айналдырған кезде ғана жұмыс істейді.

Планетарлық ауыстырып қосқыш төлкелерді (механикалық және **■** автоматты) теңшеу және пайдалану ережелері осы төлкелерді қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген, ол велосипедпен бірге беріледі. Ашық берілісті ауыстыру жүйесіне техникалық қызмет көрсету тәжірибеңізді ішкі ауыстырып қосқыш жүйесіне қолдануға тырыспаңыз.

3.4.2 Берілісті ауыстыру жүйесін реттеу

Заманауи көп жылдамдықты ашық берілісті ауыстыру жүйесі дұрыс теңшелген кезде ғана бірқалыпты және ақаусыз жұмыс істейді. Велосипед толық теңшелген және

қолдануға дайын түрде сатылатынына қарамастан, пайдалану кезінде теңшелімдер бастапқы күйден «айнып кетуі» мүмкін. Бұл жұмыс барысында жіңішке сымарқандар мен қаптаманың табиғи тозуы мен деформациясына, сондай-ақ олардың ластануы мен зауыттық майлағыштың шайылып кетуіне байланысты. Берілісті ауыстыру жүйесін толық теңшеу тәртібі:

1. Артқы ауыстырып қосқышты реттеңіз;
2. Алдыңғы ауыстырып қосқышты реттеңіз;
3. Берілісті ауыстыру жүйесінің жұмысқа жарамдылығын тексеріп, қажет болса, алдыңғы не артқы ауыстырып қосқышты қосымша реттеңіз.

Егер ауыстырып қосқыштарды дәл нұсқаулықта көрсетілгендей **■** реттесеңіз, бірақ ауыстыру сапасы көңіліңізден шықпаса, кейбір трансмиссия торабы зақымдалған немесе тозған болуы мүмкін. Диагностика жасау үшін білікті велосипед механигіне жүгініңіз.

Осында сипатталған теңшеу схемасы негізінен SHIMANO компаниясының **■** SIS трансмиссиясына қатысты, бірақ оны MICROSHIFT және SRAM берілісті ауыстыру жүйесін теңшеу нұсқаулығы ретінде қолдануға да болады. Алайда, аталмыш схема планетарлық ауыстырып қосқыш төлкелер негізіндегі жабық берілісті ауыстыру жүйесін теңшеу үшін қолданылмайды.

Артқы ауыстырып қосқышты реттеу төмендегі суреттерде көрсетілген схемаға сәйкес жүзеге асырылады:

- 1-қадам. Манетканы (шифтерді) ең жоғарғы беріліске сәйкес келетін қалыпқа ауыстырыңыз (шынжыр ең кішкентай артқы жұлдызда болуы керек, 17-сур. қараңыз);
 - 2-қадам. Жоғары беріліс шектегішінің қалпын орнату бұrandасын («H» әрпімен көрсетілген) бұрау арқылы артқы ауыстырып қосқыштың бағыттаушы (жоғарғы) ролингінің тістерінің жазықтығын ең кіші артқы жұлдыздың сыртқы жазықтығымен туралаңыз;
 - 3-қадам. Манетканы (шифтерді) ең төменгі беріліске сәйкес келетін қалыпқа ауыстырыңыз (шынжыр ең үлкен артқы жұлдызда болуы керек, 18-сур. қараңыз);
 - 4-қадам. Төменгі беріліс шектегішінің бұrandасын («L» әрпімен көрсетілген) бұрау арқылы артқы ауыстырып қосқыштың бағыттаушы ролингінің тістерінің жазықтығын ең үлкен артқы жұлдыз тістерінің орталық жазықтығымен туралаңыз.
 - 5-қадам. Жіңішке сымарқан керілісін тексеріңіз. Манетка (шифтер) арқылы шынжырды 2-ші ең үлкен артқы жұлдызға орнатыңыз, содан кейін монетканы сырт еткенше жеткізбей, жай ғана оның еркін жүрісі тоқтағанға дейін алға қарай ауыстыру бағытында итеріңіз. Велосипедтің артқы дөңгелегін іліп, педальды алға қарай айналдырыңыз:
- Егер беріліс 3-ші жұлдызға ауысып кетсе, жіңішке сымарқан тым қатты


тартылған. Шынжыр екінші жұлдызға қайтқанша реттеу бұrandасын сағат тілімен бұраңыз (19-сур. қараңыз).

- Егер шынжырдың жұлдызшалармен жанасу аймағында мүлдем шу болмаса, жіңішке сымарқан жеткілікті тартылмаған. Шынжыр 3-ші жұлдызға тиіп, тиісті шу пайда болғанша реттеу бұrandасын сағат тіліне қарсы бұраңыз (19-сур. қараңыз);
- Манетаканы бастапқы қалыпқа (2-ші артқы жұлдызда, баспай) жіберіп, педальдарды алға қарай айналдырыңыз. Егер шынжыр 3-ші артқы жұлдызға тиіп, шуыл шықса, шынжыр бірқалыпты айналып, шуыл басылмағанша реттеу бұrandасын бұраңыз;
- Берілістерді ауыстырып көріп, ешқандай берілісте шу шықпайтынына көз жеткізіңіз.

Алдыңғы ауыстырып қосқышты реттеу — артқы ауыстырып қосқышты реттеуге ұқсас, бірақ келесі ерекшеліктері бар:



- Егер ауыстырып қосқыш жақтауы дұрыс орнатылса, ең жоғарғы (шынжыр ең үлкен алдыңғы жұлдызда) және ең төменгі (шынжыр ең кішкентай жұлдызда) беріліске ауыстырған кезде, жақтау мен шынжыр арасындағы алшақтық 0,0–1,0 мм болады;
- Жіңішке сымарқан керілісі ауыстырып қосқышпен емес, манеткадағы (шифтердегі) сымарқан керілісін реттейтін ұқсас айналма бұrandа (20-сур. қараңыз) арқылы реттеледі. Бұл бұrandа манетка корпусынан (шифтерден) алдыңғы ауыстырып қосқыш сымарқанының өрмесі шығатын жерде орналасқан.

Есіңізде болсын, ауыстырып қосқыштарды сәтті және жылдам реттеу үшін алдымен




17-сур.: Артқы ауыстырып қосқышты реттеу, жоғарғы шекті орнату (ауыстырып қосқыштың артқы көрінісі)

18-сур.: Артқы ауыстырып қосқышты реттеу, төменгі шекті орнату (ауыстырып қосқыштың артқы көрінісі)



19-сур.: Артқы ауыстырып қосқышты реттеу, жіңішке сымарқан керілісін реттеу (ауыстырып қосқыштың бүйірлік көрінісі)

20-сур.: Алдыңғы ауыстырып қосқыш сымарқанының керілісін реттеу




артқы, содан кейін ғана алдыңғы ауыстырып қосқышты реттеу керек.

3.4.3 Шынжыр керілісін реттеу және ауыстыру

Шынжыр зақымдалған немесе жарамсыз ұзындыққа дейін қысқарып, табиғи түрде тозған жағдайда ауыстырылады.

Тозу дәрежесін дәл анықтауға арналған арнайы құрал-саймандар (шынжыр калибрлері) бар, бірақ ол үшін келесі әдісті де қолдануға болады:

1. Велосипедті алға жүріп кетпейтіндей етіп орнатыңыз (мысалы, оны қабырғаға сүйеп қойыңыз);
2. Шынжырға аз жүктеме жүктеңіз (мысалы, педальға салмағы 3–5 кг жүкті іліп қойыңыз);
3. Кәдімгі рулетканы пайдаланып, шынжырдың жоғарғы жағында тартылып тұрған тармағынан он қос буын ұзындығын өлшеңіз — ол шамамен 254 мм болуы керек;
4. Ұзындықты мүмкіндігінше дәл өлшеңіз (мысалы, штангенциркульмен). Шынжыр күйі келесі мәліметтер негізінде анықталады:



21-сур.: Қарапайым және арзан шынжыр қысқышы

- Шынжыр ұзындығы 254,0–255,3 мм аралығында — ауыстыру қажет емес;
- Шынжыр ұзындығы 255,3–256,6 мм аралығында — шынжыр тозған, ауыстыру қажет;
- Шынжыр ұзындығы 256,6 мм-ден асады — шынжырды да, артқы жұлдыздар блогын да (велосипед моделіне байланысты кассеталарды не шытырлауықтарды) ауыстыру қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Шынжыры өте қатты тартылған велосипедпен жүру қауіпті!


Тартылған шынжыр жетектегі жұлдыз тістерінен кенеттен шығып кетіп, бұлғақтар күтпеген жерден айналуына байланысты велосипедші басқару мүмкіндігін жоғалтып алып, құлап түсуі мүмкін. Мұндай жағдайлар, негізінен, педальды өте қатты айналдыру кезінде орын алғандықтан, «педальдың сырғып кетуі» салдарының ауырлығы велосипедшінің педальдарды басатын күшімен арта түседі.

Шынжырды ауыстыру процесі арнайы құрал-сайманды — шынжыр қысқыштарын қажет етеді (21-сур. қараңыз). Бұл құралды шынжырды жалғау және ажырату үшін қолдану жолдарын құрал-сайманмен бірге берілген нұсқаулықтан қараңыз немесе кәсіби велосипед механигінен сұраңыз.


Шынжыр ұзындығын таңдау — өте жауапты процедура, оның сапасы трансмиссия дәлдігін анықтайды. Шынжыр ұзындығы буындар санымен анықталады. Қажетті шынжыр ұзындығын анықтау үшін келесі әдісті басшылыққа алыңыз:

1. Алдыңғы ауыстырып қосқыштың жақтауын ең кішкентай алдыңғы жұлдызға орнатыңыз, ал артқы ауыстырып қосқышты ең кішкентай артқы жұлдызға сәйкес қалыпқа келтіріңіз;
2. Жаңа шынжырды қаптамадан шығарып, оны 22-суретте көрсетілгендей алдыңғы және артқы үлкен жұлдыздарға салыңыз.
3. Шынжырдың бос ұштарын жалғаңыз (олар бір-біріне қабаттасады), ұзындығына тағы екі буын қосыңыз — бұл осы велосипед үшін қажетті буындар саны болады;
4. Шынжырды қысқышпен қысқартып, шынжырды қысқыш немесе шынжырлы

22-сур.: Қажетті шынжыр ұзындығын анықтау



23-сур.: Көрсетілген диаграммаға сәйкес шынжырдың максималды салбырауы 1 см-ден аспауы тиіс.




құлып (кейбір шынжыр модельдерімен бірге келеді) арқылы жинаңыз;

5. Барлық шынжыр буындарының қозғалғыштығын тексеріңіз. Егер буындар нашар қозғалса (кептеліп қалса), шынжырды бүйірлік жазықтықта ақырын бұгу арқылы оларды бабына келтіріңіз. Жарамды шынжыр буындар топсаларында еркін иіліп, сәл бүйірге қарай иілуі қажет — бұл әсіресе көп жылдамдықты велосипедтерге қатысты.

Шынжыр керілісін реттеу тек бір берілісті велосипедтерде немесе ауыстырып қосқыш (планетарлық) төлкелері орнатылған велосипедтер үшін ғана қажет. Шынжыр керілісін реттеу артқы дөңгелек осінен велосипед күймешесінің осіне дейінгі қашықтықты өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Дұрыс реттелген шынжыр педальдарды (және сәйкесінше велосипедтің артқы дөңгелегін) айналдыру кезінде кептеліп қалмайтындай етіп жеткілікті түрде босатылған, бірақ тым қатты салбырап қалмайтындай етіп тартылған болуы керек.

24-сур.: Шынжыр керілісін өзгерту үшін қаңқа дропауттарындағы артқы дөңгелек осін жылжыту керек.




Шынжыр керілісіне қойылатын талаптар 23-сур. көрсетілген. Реттеу тәртібі келесідей:

1. Артқы дөңгелектің бекітпе сомынын босатыңыз;
2. Дөңгелекті төлке осі бойынша жылжытып (24-сур. қараңыз), шынжырды қажетті деңгейге дейін тартыңыз. Дөңгелек жазықтығы велосипедтің бойлық осіне параллельді болып қалуын қадағалаңыз;
3. Артқы дөңгелектің бір жаққа қисаюуына жол бермей, оның бекітпе сомынын ақырын тартыңыз. Дөңгелек түзу, ал шынжыр дұрыс тартылғанына көз жеткізіп, сомындарды соңына дейін тартыңыз (стр. 44-беттегі 2-кестені қараңыз).


3.5 Рульді реттеу

Егер велосипед бұрамасыз руль бағанымен және ашаның руль құбырының сыртқы бетіне тікелей бекітілетін руль шығарымымен жабдықталған болса, ыңғайлы болуы үшін аралық сақиналарды (ROCES велосипедтерінде әдетте биіктігі 10 мм екі сақина және биіктігі 5 мм бір сақина қолданылады) шығарым астына не үстіне жылжыту арқылы руль биіктігін аздап өзгертуге болады. Егер ондай реттеу жеткіліксіз болса, шығарымды ауыстырып, ұзындығы мен еңіс бұрышы басқа модельді орнату керек. Дұрыс модельді таңдау үшін дүкен сатушыларымен кеңесіңіз. Егер велосипед бұрамалы руль бағанымен жабдықталған болса және руль шығарымы аша руль құбырының ішіне кіретін болса, шығарымды жоғары және төмен жылжыту арқылы руль биіктігін реттеуге болады. Ол үшін алдымен руль соташығының ең жоғарғы жағындағы бекітпе бұраның

25-сур.: Бұрамасыз руль бағанының конструкциясы және шығарым реттемесі



26-сур.: Бұрамалы руль бағанының конструкциясы және руль қалпын реттеу



босату керек. Ешқандай жағдайда руль шығарымын ашадағы «Minimum Insertion», «Maximum Extension» не сол сияқты белгіден артық шығаруға болмайды. Шығарым қалпын реттегеннен кейін бекітпе бұранды қатайтуды ұмытпаңыз!

Велосипедке руль бағанының қандай түрі орнатылғанын осы Нұсқаулықтың стр. 37 – стр. 40 беттеріндегі ROCES велосипедтерінің техникалық сипаттамаларының жиынтық кестесімен танысу арқылы білуге болады.


3.5.1 Roces Uragano 24, Stella 24 велосипед рулінің биіктігін реттеу

Төмендегі суреттерде руль орнатылмаған шығарым көрсетілген.


Биіктікті реттеу үшін рульді шығарымнан алудың қажеті жоқ.

1. Резеңке қақпақты шығарым қақпағының бұрандасынан алыңыз;


2. Шығарым қақпағының бұрандасын босатып, қақпақты алып тастаңыз;




3. Аша соташығынан 10 мм-лік аралық сақинаны шешіңіз;




4. Шығарым бекітпесінің бұрандаларын босатыңыз, бірақ алмаңыз, содан кейін шығарымды аша соташығынан алып тастаңыз;




5. Аша соташығына 10 мм-лік аралық сақинаны салып, шығарымды орнатыңыз;



6. Шығарым қақпағын орнатыңыз. Шығарымды дәл ортаға орнатыңыз және шығарым қақпағының бұрандасын тартыңыз. Шығарым қақпағының бұрандасын қатайту моменті 2-4 Nm болып табылады (қақпақта басқа мәндер көрсетілмесе). Шығарым қақпағының бұрандасына резеңке қалпақшаны орнатыңыз;




7. Шығарым бекітпесінің бұрандаларын тартыңыз. Шығарым бекітпесінің бұрандаларын қатайту моменті: M5 бұрамасы үшін 5-8 Nm; M6 бұрамасы үшін 6-9 Nm; M8 бұрамасы үшін 10-15 Nm (шығарымда басқа мәндер көрсетілмесе).




Руль бағанының бөлшектері

Шығарым қақпағының бұрандасы



Рульді одан да жоғары, шамамен 20 мм-ге көтеруге болады.


Мұны істеу үшін 5-қадамды орындас бұрын, шығарымды төңкеріңіз.



Назар аударыңыз!

Шығарымды қайта орнатқан кезде рульді шешу керек. Бұл үшін:

8. Руль бекітпесінің бұрандаларын бұрап алыңыз;



9. Рульді шешіңіз;
10. Шығарымды аша соташығына қажетті күйде орнатыңыз;
11. 6 және 7 қадамдарын орындаңыз;
12. Рульді шығарымға орнатыңыз және руль бекітпесінің бұрандаларын тартыңыз. Руль бекітпесінің бұрандаларын қатайту моменті: M5 бұрамасы үшін 5-8 Nm; M6 бұрамасы үшін 6-9 Nm (руль бекітпесінің қақпағында басқа мәндер көрсетілмеген жағдайда).

3.6 Велосипед аспасы

Тау велосипедтерінің көпшілігі дөңгелектің аспалы амортизациялық жүйелерімен жабдықталған. Егер велосипед қандай да бір амортизациялық жүйемен жабдықталған болса, дүкен сатушыларынан оны қалай реттеу және күтіп ұстау керектігін сұрап алыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дұрыс емес күтім жасау, тұрақсыз түрде техникалық қызмет көрсету және амортизациялық жүйені дұрыс емес теңшеу оның бұзылуына, сондай-ақ басқару мүмкіндігін жоғалтып, құлауға себеп болуы мүмкін. Амортизациялық жүйемен жабдықталған велосипед жылдамдығын қатты арттыруға мүмкіндік береді, тиісінше тәуекел де арта түседі. Мысалы, тежеу кезінде амортизациялық аша қысылып, велосипедтің алдыңғы жағы күрт төмендейді. Бұл басқару мүмкіндігін жоғалтып, құлап қалуға себеп болуы мүмкін. Аспамен жабдықталған велосипедті қауіпсіз басқарып үйреніңіз.

Аспа теңшелімдерін өзгерту велосипед тежегішінің жеке сипаттамаларына және басқарымдылығына әсер етуі мүмкін. Өндіруші нұсқаулықтары мен ұсынымдарын толық оқып шықпай, аспа жүйесінің теңшелімдерін өзгертпеңіз, сондай-ақ теңшелімдерді өзгерткеннен кейін, әрқашан велосипед тежегішінің жеке сипаттамалары мен басқарымдылығын тексеріңіз.

3.6.1 Амортизациялық ашалар және оларды теңшеу

ROCES велосипедтері моделіне қарай жұмыстық жүрісі 40-130 мм-лі әртүрлі амортизациялық ашалармен жабдықталған. Жалпы алғанда, ашаның жұмыстық жүрісі неғұрлым үлкен болса, ол соғұрлым жолсыз жерде жүру үшін қолайлы болады. Амортизациялық ашалар серпімді элемент пен бәсеңдетуші элемент типіне қарай ерекшеленеді.

Серпімді элемент типі бойынша аша екі түрлі болады: серіппелі және ауалы. Біріншісіне бұралған металл серіппе, екіншісінде ауа камерасы салынады.

Бәсеңдетуші элемент типіне қарай

амортизациялық аша түрлері:


- Бәсеңдеткішсіз — серіппе бәсеңдеткіші жоқ, ол тек серіппе жасай алады. Ең арзан велосипедтерге салынған ең қарапайым конструкция;
- Эластомерлік бәсеңдеткішті — деформацияланған кезде тербеліс энергиясын бәсеңдететін арнайы полимерлік ендіріме. Мұндай ашалар орташа баға санатындағы велосипедтерде кеңінен қолданылады;
- Гидравликалық бәсеңдеткішті — амортизациялық сұйықтықпен толтырылған арнайы контуры бар ең күрделі конструкция.

Шағын тесіктер арқылы айдалатын сұйықтық тербеліс энергиясын бәсеңдетеді. Бұл ашаны белгілі бір трассаға не велосипед тебу стиліне сай реттеуге мүмкіндік береді. Гидравликалық бәсеңдеткішті теңшеу туралы толығырақ ақпарат алу үшін велосипедпен бірге келетін амортизациялық аша нұсқаулығын оқыңыз. Егер нұсқаулық жоқ болса, оны дүкеннен сұрауға немесе аша өндірушісінің веб-сайтынан қарауға болады*.

Амортизациялық аша бөлшектері оның конструкциясы мен мақсатына байланысты болады. Төменде толық реттеу жиынтығымен жабдықталған кәсіби деңгейдегі аша сипатталған.

1. **Руль соташығы** — рульді ашаға жалғайды;
2. **Алдын ала жүктеме теңшелімін реттегіш** — велосипедті велосипедші салмағына сай теңшейді;
3. **Тәж** — аша аяқтарын руль соташығына жалғайды;
4. **Дропауттар** — дөңгелекті ашаға бекіту үшін қолданылады;
5. **Арка («горилла»)** — аяқтарды бір-бірімен байланыстырады;
6. **Аяқтар** — олардың үстінен аша шалбарлары сырғанайды;
7. **Шалбар** — ашаның негізгі сыртқы бөлігі, дропауттары мен дискілі тежегіш бекітпесі бар;
8. **Бәсеңдеткіш теңшелімін реттегіш** — ашаның кері серпілу (босау) кедергісін өзгертеді.

27-сур.: Велосипед амортизациялық ашасының конструкциясы




■ ROCES велосипедтері гидравликалық реттелетін ауалы және ■ амортизациялық ашасын қолданады. Серіппелі ашаны теңшеу үшін арнайы құрал-саймандар қажет емес, ал ауалы ашаны реттеу үшін амортизаторларға арналған жоғары қысымды арнайы сорғы қажет болуы мүмкін. Егер велосипед ауалы ашамен жабдықталған болса, велосипед дүкенінен ондағы қысымды реттейтін сорғыны да сатып алуды ұсынамыз. Назар аударыңыз! Аша конструкциясында велосипед дөңгелегінің камерасындағыдай Шредер клапаны қолданылғанымен, шинаға жел беретін қарапайым сорғы амортизаторлар қысымын реттеуге жарамайды!

Жоғары қысымды сорғы шлангісін амортизаторға жалғаған кезде, шлангіге амортизатор ауасы тола бастайды, бұл амортизатордың ауа камерасындағы қысымның төмендеуіне әкеледі. Шөгуді орнату кезінде мұны ескеру керек (осы беттегі «Амортизациялық ашаны теңшеу» бөлімін қараңыз). Шлангты амортизатордан ажыратқан кезде, ауа негізінен ауа камерасынан емес, шлангтан шығарады, сол себепті сыртқа шығатын ауаның ысқырығын елемеуге болады.

Амортизациялық ашаны теңшеу

Амортизациялық аша жақсы жұмыс істеуі үшін шөгуді (сэг) орнату керек. Аша өндірушілері толық жүрістің шамамен 1/4 бөлігіне тең шөгуді орнатуды ұсынады. Шөгуді келесі жолмен өлшеген дұрыс:

1. Кәдімгі пластикалық қамыт қармастырғыны ашаның ішкі аяқтарының біріне орнатып, оны ашаның сыртқы аяғының жоғарғы жағындағы тозаңдыққа дейін төмен түсіріңіз.
2. Велосипедке отырып, аяғыңызды педальдарға қойыңыз. Мұны істеу кезінде қабырғаға сүйеніп тұрыңыз. Педальдарды не отырғышты бірден қатты басу арқылы велосипедті теңселтпеңіз.
3. Велосипедті теңселтпей немесе аспаға қосымша күш салмай абайлап түсіңіз. Қамыт пен тозаңдық арасындағы қашықтықты өлшеңіз — міне, шөгу деген осы болады. Шөгу шамасын азайту үшін реттегішті (27-сур., 2-поз.) сағат тілі бойымен (ауалы ашада — ауа камерасындағы қысымды арттырып), ал көбейту үшін сағат



28-сур.: Амортизаторларға арналған жоғары қысымды сорғы

тіліне қарсы (ауалы ашада — қысымды азайтып) бұрау арқылы алдын ала жүктемені арттыру қажет.

Қысу/босату кедергісі реттемесін теңшеу және велосипедтің амортизация жүйесін дұрыс пайдалану туралы ақпарат алу үшін велосипед ашасына арналған пайдалану нұсқаулығын оқып шығуды немесе велосипед дүкеніндегі сатушыдан сұрауды ұсынамыз.

3.7 Жиынтықтауыштарды жөндеу және ауыстыру

Заманауи велосипед — өте жоғары стандартталған құрылғы. Көпшілік жағдайда бір бөлшекті не торапты басқа үйлесімді бөлшекпен не тораппен ауыстыруға болады. Бөлшектерді ауыстыру қажеттілігі олардың тозуына немесе велосипед иесінің жеке қалауына байланысты туындауы мүмкін (мысалы, қандай да бір бөлшек түсі ұнамауы немесе сәл басқа геометриялық пішіндегі бөлшекті қоюды қалау). Бұл көп жағдайда зақымдалған құрамбөліктерді жаңасына ауыстыратын жөндеуге де қатысты.

3.7.1 Велосипедті жөндеу

Велосипед жөндеуді үш күрделілік класына бөлуге болады:

1. Күрделілігі төмен жөндеу — қарапайым бөлшектер мен тораптарды (руль, шығарым, отырғыш, беріліс ауыстырып қосқыштары, педальдар, дөңгелекқаптар мен камералар) ауыстыру және теңшеу. Бұл жөндеу арнайы құрал-сайман мен дағдыларды қажет етпейді және оны тіпті тәжірибелі емес велосипед иесі де жасай алады;
2. Күрделілігі орташа жөндеу — күрделі велосипед тораптарын (бұлғақтар жүйесі, дөңгелек төлкесі, күймеше, руль бағаны, құрсау мен шабақтар) ауыстыру және теңшеу. Бұл жөндеу арнайы жабдық пен оны қолдану бойынша белгілі бір дағдыларды қажет етеді;
3. Күрделілігі жоғары жөндеу — бұл қауіпсіздік техникасы ережелерін қатаң сақтай отырып, кәсіби жабдықты қолдану арқылы велосипедтің жеке тораптарын (бұраманы қалпына келтіру, тойтарманы баспақтау, дөңгелек төлкесінің конустарын тегістеу, пісіру және дәнекерлеу, бөлшектердің геометриялық пішінін түзету,

амортизация жүйесінің элементтерін жөндеу) қалпына келтіру үшін слесарлық-токарлық жұмыстар жүргізу. Велосипедтің зақымдану дәрежесіне байланысты жөндеу типі таңдалады. Ақауларды білікті бағалауды және жөндеу бойынша ұсынымдарды тек тәжірибелі велосипед механигі жасай алады! Құлаудан, жол-көлік оқиғасынан немесе велосипедке артық жүктеме түсірген басқа да оқиғадан кейін велосипедтің техникалық жағдайын өз бетіңізше диагностикалауға тырыспаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

